

*Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитетінің қаулысымен бекітілді.  
Хаттама № 2, 6-т. 2024 ж. «13» желтоқсан,*

*Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы Атқару комитетінің қаулысымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.  
Хаттама № 6, 11-т. 2025 ж. «03» шілде.*

*Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы Атқару комитетінің қаулысымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.  
Хаттама № 8, 9-т., 2025 ж. «25» желтоқсан.*

## **Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының мүшелеріне материалдық және қайырымдылық көмек берудің шарттары мен тәртібі туралы ҮЛГІЛІК ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Кәсіптік одақтар туралы» Заңына, «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ-нің Жарғысына сәйкес әзірленген және «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ-нің құрамындағы кәсіподақ ұйымдардың кәсіподақ есебінде тұрған кәсіподақ мүшелеріне материалдық және қайырымдылық көмек көрсетудің жалпы шарттары мен тәртібін анықтайды.

1.2. Жеке бюджеттері бар Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының (әрі қарай – Кәсіподақ) құрырылымдық ұйымдары Кәсіподақ Жарғысының 2.5.10.-тармағына сәйкес кәсіподақ мүшелеріне материалдық және қайырымдылық көмек көрсете алады.

1.3. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары осы Үлгілік ережеге сәйкес материалдық және қайырымдылық көмек көрсетудің шарттары мен тәртібін белгілеуге құқылы.

1.4. Материалдық және қайырымдылық көмек кәсіподақ мүшесіне көмек көрсету туралы шешім қабылдаған тиісті кәсіподақ ұйымының қаражаты есебінен көрсетіледі.

1.5. Материалдық және қайырымдылық көмекке арналған қаражат мүшелік кәсіподақ жарналарынан құралады және Кәсіподақтың Атқару Комитетінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы №2, 5-т. қаулысымен бекітілген «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ мүшелік кәсіподақ жарналарын төлеу, бөлу және жұмсау тәртібі туралы» Ережесіне сәйкес (2022 жылғы 22 ақпандағы №15, 11-т., 2024 жылғы 20 қыркүйектегі №1, 8-т. қаулыларымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) кіріс және шығыс сметасының «2.3. Материалдық және қайырымдылық көмек» бабы бойынша тиісті күнтізбелік жылға жоспарланады.

1.6. Қайырымдылық және материалдық көмек көрсетуге байланысты салық салу Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

1.6.1. Материалдық көмекке төлем көзіне жеке табыс салығы салынады.

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 436 бабының 3) тармағына сәйкес жеке тұлғаның қайтыс болуы туралы анықтама немесе қайтыс болуы туралы куәлік болған кезде күнтізбелік жыл ішінде салық агенті жүргізген, тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 94 еселенген мөлшері шегінде жеке тұлғаны жерлеуге арналған төлемдерге салық салудан босатылады.

1.6.2. Төтенше жағдайдан зардап шеккен, сондай-ақ әлеуметтік қолдауға құқығы бар жеке тұлғаға тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 647 еселенген мөлшері шегінде бір жылға өтеусіз берілген әлеуметтік көмек түрінде алынған мүліктің құнына жеке табыс салығы салынбайды (*Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 9-бап 4)-тармағы*).

## **2. Материалдық көмек көрсетудің шарттары**

2.1. Материалдық көмек кәсіподақ мүшесіне денсаулығына, жақын адамдарына қамқорлық жасауға, балаларының тәрбиесі мен оқуының, одан басқа да қиын өмірлік жағдайына байланысты туындаған ағымдағы материалдық мәселелерді шешу үшін беріледі.

2.2. Материалдық көмек ақшалай төлем түрінде күнтізбелік жыл ішінде бір рет көрсетіледі. Күнтізбелік жыл ішінде кәсіподақ мүшелеріне ерекше жағдайларда материалдық көмек көрсету қайта беруге рұқсат етіледі.

2.3. Кәсіподақ мүшелеріне материалдық көмек келесі жағдайларда көрсетілуі мүмкін:

- қызметкер, оның отбасы мүшелері, жақын туыстары (ата-аналар (ата-ана); балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар; ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар); ата, әже, немерелер) қайтыс болған жағдайда;

- жарақат алған жазатайым оқиғаға байланысты;

- қосымша қаржылай шығынды талап ететін емделуге;
- қызметкерге оның құқықтарына қайшы келетін әрекеттерге қатысты, сондай-ақ табиғи апаттардың салдарынан мүліктік зиян келтірілген жағдайда;
- некеге тұру, бала туылған немесе асырап алған кезде;
- мерей жасқа толғанда (50, 60, 70 және одан жоғары).

2.4. Материалдық көмек көрсету және оның мөлшері туралы оң шешім қабылдау үшін келесі факторлар ескеріледі:

- кәсіподақтағы өтілі;
- материалдық көмек сұрауының жиілігі;
- кәсіподақ мүшесінің материалдық жағдайы;
- отбасылық жағдайы.

### **3. Материалдық көмек көрсетудің тәртібі**

3.1. Осы Үлгілік ережеде көрсетілген жағдайларда материалдық көмекті қажет еткен кәсіподақ мүшесі өзі есепте тұрған бастауыш кәсіподақ ұйымының кәсіподақ комитетіне материалдық көмек көрсету туралы өтініш жазады. Өтініште материалдық көмек көрсету туралы жазылады және оның туындау себептері көрсетіледі.

3.2. Өтінішке: жеке куәліктің көшірмесі; 20 сандық есепшоты бар екендігін растайтын банктен анықтама; кәсіподақ билетінің көшірмесі (бар болған жағдайда); материалдық көмек көрсетуді негіздейтін құжаттардың көшірмесі тіркеледі.

3.3. Материалдық көмек көрсету бойынша өтініш уәкілетті кәсіподақ органымен қаралады және оның отырысында бекітіледі.

3.4. Материалдық көмек көрсету туралы шешім қаулымен ресімделеді.

3.5. Кәсіподақ мүшесіне осы Үлгілік ереженің, бастауыш кәсіподақ ұйымының Ережесінің, мүшелік ұйым Жарғысының, Кәсіподақ Жарғысының талаптарын орындамаған жағдайда материалдық көмек көрсетуден бас тартылуы мүмкін. Бұл жағдайда кәсіподақ мүшесіне кәсіподақ ұйымының төрағасы қол қойған дәлелді бас тарту жолданады.

3.6. Материалдық көмек көрсету туралы өтінішті қарау келесі жағдайларда кейінге қалдырылуы мүмкін:

- материалдық көмек көрсету қажеттілігін растайтын құжаттар болмаған жағдайда;

- кәсіподақ бюджетінің тиісті күнтізбелік жылдағы шығыстар бабында қаралған қаражат сомасы асып кеткенде (Сметаның «2.3. Материалдық және қайырымдылық көмек» бабы). Бұл жағдайда өтініштің өзектілігі немесе берілген күні ескеріле отырып, төлем тәртібінің кезегі белгіленеді.

3.7. Бастауыш кәсіподақ ұйымы өз бюджетін жоғары тұрған кәсіподақ органының (аудандық (қалалық) комитетінің) шоттарында жинақтаған жағдайда, материалдық көмек көрсету туралы шешім қабылдағаннан кейін бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы банк құжаттарына қол қою құқығы берілген тиісті кәсіподақ органының басшысына осы Ереженің 3.2.

тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, кәсіподақ органы материалдық көмек тағайындау туралы жиналыс хаттамасынан (қаулысынан) үзінді көшірмені ұсынады.

3.8. Материалдық көмек алушының банкілік картасына аударылады.

3.9. Материалдық көмек күнтізбелік жыл ішінде тиісті қаржы жылына арналған Кірістер мен шығыстар сметасына сәйкес көрсетіледі.

#### **4. Қайырымдылық көмекті көрсетудің шарттары мен тәртібі**

4.1. Осы Үлгілік ереженің мақсаттары үшін қайырымдылық көмек – бұл өтеусіз негізде берілетін мүлік, оның ішінде ақшалай төлемдер:

- Төтенше жағдайлардың салдарынан (адам шығынына, адамдардың денсаулығына немесе қоршаған ортаға зиян, елеулі материалдық нұқсанға және адамдардың тіршілік ету жағдайларының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан аварияның (апаттың), өрттің, қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің, қауіпті табиғи құбылыстың, апаттың, дүлей немесе өзге де зілзалананың салдарынан қалыптасқан белгілі бір аумақтағы жағдай) зардап шеккен кәсіподақ мүшелеріне, басқа да тұлғаларға;

- Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 42 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік қолдауға құқығы бар жеке тұлғалар санаттарының тізбесіне енетін кәсіподақ мүшелеріне өтеусіз негізде берілетін мүлік, сондай-ақ ақшалай төлемдер.

4.2. Қайырымдылық көмек көрсету туралы шешім мүшелік ұйымдардың аудандық (қалалық) комитет (кеңес) деңгейіндегі тиісті уәкілетті кәсіподақ органының өз бастамасымен немесе төмен тұрған кәсіподақ ұйымының қолдау хаты бойынша 4.1. тармақта көрсетілген жағдайлар туындағанда көрсетілетін көмектің түрі айқындалған (ақшалай немесе басқа да мүлік түрінде) хаттама түрінде қабылданады.

4.3. Кәсіподақ мүшелеріне берілген ақшалай қаражат материалдық көмек көрсету тәртібімен ресімделеді.

Тауарлы-материалдық құндылықтарды өтеусіз беру түріндегі қайырымдылық көмек қабылдау-тапсыру актісі бойынша жүзеге асырылады.

4.4. Қайырымдылық көмек күнтізбелік жыл ішінде тиісті қаржы жылына арналған Кірістер мен шығыстар сметасына сәйкес көрсетіледі.